

*«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС
Президентінің 24.06.2016 жылғы №
383-ЖТ бұйрығына 1-қосымша*

**Тарифтік басшылық (прейскурант)
(3 бөлім)**

**Жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем,
тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар**

2024 жылғы 26 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістерді ескере отырып

Мазмұны

Жалпы нұсқаулар	3
Ұғымдар мен қысқартулар	3
1-бөлім. Жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем	4
2 бөлім. Тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар	8
1. Жүктерді сақтау үшін алым	8
2. Жүкті өлшеу үшін алым	9
3. Жүктің салмағын тексергені үшін алым	9
4. Қоймалық зиянкестер улаған вагондарды және астық қалқандарын тазарту, жуу, зарарсыздандыру, сондай-ақ бұқырлау үшін алым	10
5. Вагондарды әкелгені және әкеткені үшін алым	11
6. Жүктердің, вагондар мен контейнерлердің тағайындалу станциясына келе жатқаны туралы алдын ала ақпарат беру үшін алымдар	15
7. Жүктерді тасымалдауды ресімдеу жөніндегі операциялар және жүктерді тасымалдаумен байланысты басқа операциялар үшін алымдар	16
8. Жүктердің баратын мекенжайын өзгерткені үшін алым	16
9. Жүк жөнелтушілердің өтінімі бойынша тасымалдаудың айлық жоспарына кірмеген жедел және басқа тасымалдарды жылжымалы құраммен қамтамасыз ету үшін алым	16
10.Күзет қызметін кідірткені үшін алым	17
11.Жүктерді тасымалдаудың қосымша жоспарын растағаны үшін алым	17
12.Паром өткелдеріне және паром өткелдерінен вагондарды итеріп шығару,түсіру үшін алым	17
13. Мәлімделген маршруттар технологиясын әзірлегені үшін алымдар	17
14.Осы Тарифтік басшылықта (прейскурантта) көзделмеген тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар (3-бөлім)	18
15.Арнайы техникалық мұқтаждар үшін бөлінген вагондарда (ДУ-82 нысанындағы куәліктер берілген), сондай-ақ ОЖЖ филиалының балансындағы және арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның жүрісіндегі жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдарды қолдану тәртібі.	18
16.Клиентпен шарт бойынша жүктерді кедендік декларациялау.	19
Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік декларациялау	
17. Клиентпен жасалған шарт бойынша өткізу пункттерінде тасымалдау және жөнелтпе құжаттарының сканерленген көшірмелерінің топтамасын бергені үшін ақпараттық қызмет үшін алым.	19

Жалпы нұсқаулар

Тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар және жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемдер қызмет көрсету күніне қолданыста болған ставкалар бойынша есептеледі.

Тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар жинақтаушы карточка бойынша алынады:

орталықтандырылған түрде тасымалдаушының есеп айырысу ұйымдары арқылы – тасымалдау құжаттарын тасымалдау және өңдеу бойынша қызметтерді пайдаланушылармен есеп айырысуды жүзеге асыратын тасымалдаушының мамандандырылған құрылымдары.

Ұғымдар мен қысқартулар

Осы Тарифтік басшылықты (прейскурантта) (3-бөлім) мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

жүктерді тасымалдау ережесі - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бұйрығымен бекітілген жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау қағидасы;

«Темір жол көлігі туралы» ҚР Заңы - «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 266-ІІ Заңы;

«ҚТЖ «ҰК» АҚ - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

тасымалдау ережелері-тасымалдау процесіне барлық қатысушылардың қызметі мен өзара қарым-қатынасын реттейтін нормативтік құқықтық актілер;

концессия шарттары бойынша теміржол жолдары-концессия шарты бойынша салынған және пайдаланылатын және магистральдық теміржол желісіне енгізілмеген теміржол жолдары;

Тарифтік басшылық (прейскурант) (2 – бөлім) - Тарифтік басшылық (прейскурант) «Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде локомотивтік тартылым қызметтері үшін базалық ставкалардың есептік кестелері» (2-бөлімнің 1-кітабы), Тарифтік басшылық (прейскурант) «Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін базалық ставкалардың есептік кестелері» (2-бөлімнің 2-кітабы), Тарифтік басшылық (прейскурант) «Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін базалық ставкалардың есептік кестелері» (2-бөлімнің 3-кітабы).

АТҚ- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Арнайы техникалық қажеттіліктер үшін бөлінетін жұмыс істемейтін парк вагондарының лимиті туралы» жыл сайынғы бұйрығы негізінде арнайы техникалық қажеттіліктер үшін бөлінген вагондар (ДУ-82 нысанындағы куәліктер берілген).

Арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам, арнайы өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрам — ҚР ИДМ 22.05.2018 жылғы №364 бұйрығымен бекітілген, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының теңгерімінде тұрған және «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары бөгде және аффилиирленген ұйымдармен шарттар бойынша жалға алатын арнайы жылжымалы құрам.

1 бөлім

Жүк вагондары мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем

1. Вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны төлемді жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші тасымалдаушыға төлейді:

1) тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыстар үшін тасымалдау қағидасында белгіленген уақытты қоса алғанда, вагондардың, контейнерлердің жүк жөнелтушілерде, жүк алушыларда, тармақ иеленушілерде болған бүкіл уақыты үшін;

2) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінәсінен магистральдық, станциялық жолдарда вагондар мен контейнерлердің бос тұрған (тоқтап тұрған, кідірілген) уақыты үшін төлейді.

2. Жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің, вагондар (контейнерлер) иеленушілердің кінәсінен орын алған магистральдық, станциялық жолдарда, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда тасымалдаудың технологиялық процесінің бұзылуына әкеп соққан вагондардың бос тұрғаны (контейнерлердің кідірілгені) үшін олар көрсетілген жолдардың иеленушісіне соларда тұрған уақыты үшін төлеген төлемдерін тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

3. Төрт осьті мүкәммалдық (жалпы) парк вагондарын, тасымалдаушы шарттар негізінде тасымалдауға тартқан вагондарды, мүкәммалдық (жалпы) парктің әмбебап контейнерлерін пайдаланғаны үшін мынадай мөлшердегі әрбір вагон-сағат (контейнер-сағат) үшін ақы алынады:

(сағатына теңгемен)

Вагондардың (контейнерлердің) үлгілері	Вагондарды (контейнерлерді) пайдаланғаны үшін төлем ставкалары
1	2
1. Вагондар:	
1) рефрижераторлы вагондардан түрлендірілген әмбебап (жабық, платформа, жартылай вагондар) жабық вагондар;	479
2) жабық вагон, жартылай вагон негізіндегі орташа тонналық контейнерлерді тасымалдауға арналған төрт осьті вагон.	479
2. Мамандандырылған вагондар:	

1) ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м-ден аз ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 18,4 м ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, ауыр жүк контейнерлерін тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, дөңгелекті техника және контейнер-цистерналар, ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, раманың ұзындығы 13,4 м ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа, ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдауға арналған 4 осьті платформа фитинг платформалар, доңғалақ жұптарын тасымалдауға арналған екі ярусты платформалар	578
2) малға арналған вагондар, автомобильдерге арналған екі қабатты және бір қабатты платформалар	358
3) ұн тасығыштар	893
4) цистерналар: мұнайға, күңгірт және ашық түсті мұнай өнімдеріне, химиялық жүктерге, тамақ өнімдеріне, шарапқа, шырындарға арналған изотермиялық вагон-цистерналар, астыққа (астықтасығыштар), шекемтастарға және агломератқа (шекемтастасығыштар) арналған вагондар, кальцийлендірілген содаға арналған цистерналар (содатасығыштар), минералдық тыңайтқыштар мен олардың шикізатына арналған вагондар (минералтасығыштар), думпкарлар, (самосвал вагондары), сусымалы жүктерді тасымалдауға арналған 4 осьті өздігінен түсіретін жартылай вагондар (самосвал вагондары), хоппер-мөлшерлегіштер, вагондар: битумға (битум тасығыштарға), роликті болатқа (роликті тасығыштарға), техникалық жоңқалар, бөренелердегі ағаштар, автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті жабық тұтас металл вагондар, автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті екі деңгейлі мамандандырылған жабық вагон, жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті екі деңгейлі жабық вагон, автомобильдерді тасымалдауға арналған 4 осьті бір деңгейлі жабық вагон.	387
5) ағаш материалдарына арналған вагондар	656
6) қағазға арналған вагондар, цементке арналған хопперлер (хоппер-цементтасығыштар), мұздатқыш вагондар	272
7) улы химикаттарға арналған вагондар, цементке арналған цистерналар	236
8) вагон-термостар	922

9) тірі балық вагондары:	
В-20 үлгісіндегі	387
В-329 үлгісіндегі (машиналық салқындатумен)	769
қос вагонды рефрижераторлық секциялар	1579
10) автономдық рефрижераторлық вагондар және рефрижераторлық секциялардың жүк вагондары	1635
11) транспортерлерге қызмет көрсету бригадасына арналған арнайы вагондар және қызметтік-техникалық вагон - рефрижераторлық секцияның машина бөлімшесі	893
12) жоғарыда аталғандардан басқа вагондар;	137
13) бруттоның максималды трафарет массасына мамандандырылған әмбебап контейнерлер:	
3,0 т	27
5,0 т	46
10 фут/10 т	92
20 фут/20 т, 24 т	177
20 фут/30 т	358
40 фут	358
40 футтан астам	358
3. Арбаларды ауыстырусыз қозғалатын, Қытай темір жолына жататын 4 осьті вагондар (вагон түріне қарамастан).	677

Мүкәммалдық (жалпы) парктің вагондары мен контейнерлері магистральдық, станциялық жолдарда болған уақыт үшін контейнерлері бар вагондарды пайдаланғаны үшін төлем контейнер орналасқан әрбір контейнер мен әрбір вагон үшін есептеледі.

Осьтерінің саны төрттен артық вагондарды пайдаланғаны үшін төлем төрт осьті вагондарды пайдаланғаны үшін төлем ставкасын төртке бөлу және осьтер санына көбейту жолымен анықталады.

Екі және одан да көп жүк вагондарынан тұратын рефрижераторлық секцияны пайдаланғаны үшін төлем рефрижераторлық секцияның жүк вагондарын пайдалануға арналған ставканы секциядағы жүк вагондарының санына көбейту жолымен анықталады. Бұл ретте қызметтік-техникалық вагонды-рефрижераторлық секцияның машиналық бөлімшесін пайдалануға арналған төлем бөлек алынады.

4. (Жалпы) парктің транспортерлерін пайдаланғаны үшін әр вагон-сағат үшін төлем келесі мөлшерде алынады:

(сағатына теңгемен)

Транспортерлердің үлгілері	Транспортерлерді пайдаланғаны үшін төлем ставкалары
1	2
1. 4 және 6-осьті	299
2. 8-осьті, тіркемеліктен басқа	593
3. 8-осьті тіркемелі жүк көтергіштігі 120 т:	

аралық платформасыз;	416
аралық платформаларымен	535
4. 12-осьті	950
5. 16 және 24-осьті, біріктірілгендерден басқа	1 127
6. 16-осьті біріктірілгендер:	
жүк көтергіштігі 220 т	1 370
жүк көтергіштігі 240 т	2 023*
7. 20-осьті біріктірілген жүк көтергіштігі 300 т:	
ТМД-ның жалпы паркінің	11901*
импорттық (ТМД-дан басқа)	1 697
8. 28-осьті біріктірілген жүк көтергіштігі 400 т	2 978*
9. 32-осьті:	
тіркемелі жүк көтергіштігі 480 т	2 378
біріктірілген жүк көтергіштігі 500 т	15172*

* төлем ставкасына біріктірілген транспортерлерге қызмет көрсететін бригадаларға арналған вагон үшін төлем ставкасы енгізілмеген.

5. Осы Тарифтік басшылықтың (Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың)) 3, 4-тармақтарында атап өтілген жағдайларда вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді есептеген кезде вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді есептеу вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемнің сағаттық ставкасын пайдаланудың нақты уақытына көбейту жолымен жүргізіледі, бұл ретте минуттар 60-қа бөлу жолымен сағаттарға (жүздік бөліктерге дейін айналдырумен) көшіріледі.

Вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерінің (сағатқа көбейтілген) қорытынды мөлшерін дөңгелектеу бүтін теңгеге дейін жүргізіледі, бұл ретте 0,50 теңгеден кем сомалар тасталады, ал 0,50 теңге және одан да көп сомалар бүтін теңгеге дейін ұлғайтылады.

6. Егер жүк жөнелтушіге, оның өтінімі бойынша жоспармен және өтініммен көзделген бос мамандандырылған вагондарды жүктерді тиеу үшін беру жүк жөнелтушіге байланысты себептермен кідірген жағдайда, одан вагондардың станциялық жолдарда бөгелген барлық уақытына вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем өндіріп алынады.

Егер жүк жөнелтуші тасымалдаушының станциядағы өкіліне жоспармен және өтініммен көзделген вагондарды пайдаланудан бас тартатыны туралы хабарлаған болса, аталған төлем тасымалдаушының станциядағы өкілінің осындай хабарламаны алған мезетіне дейін есептеледі.

Жүк жөнелтуші өзінің өтініміне сәйкес тиеу станциясына келіп жеткен бос мамандандырылған вагондарға жүк тиеуден бас тартқан кезде және оларды есептік тәулік ішінде осы станцияда басқа жүк жөнелтушілердің пайдалануы мүмкін болмаған жағдайда жүк жөнелтушіден жүк тасымалдары жоспары бойынша өтінімнің орындалмағаны үшін айыппұлдан басқа, станцияда вагондар бағытталған станциядан тиеу станциясына дейінгі олардың жүрісі үшін, бірақ 300 км-ден артық болмайтындай етіп: рефрижераторлықтарды есепке алмағанда, мамандандырылған вагондар үшін, - Тарифтік басшылықтың (Тарифтік басшылықтың (Прейскуранттың))

(2-бөлім) № 17 тарифтік схемасы бойынша, ал рефрижераторлық вагондар үшін - екі есе ұлғайта отырып осы схема бойынша төлем өндіріліп алынады.

Бұдан басқа, суытып дайындалған вагондар мен машина бөлімі бар вагондарға жүк тиеуден бас тартқан жағдайда және оларды тәулік ішінде осы станцияда басқа жүк жөнелтушілердің пайдалануы мүмкін болмаған жағдайда, әр төрт осьті вагон үшін 15 058 теңге мөлшерінде қосымша алым алынады.

7. Вагондар мен контейнерлер жай және кідірілген кезде жүк жөнелтушіден және жүк алушыдан вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы тиеу-түсіру жұмыстары тоқтатылған немесе тыйым салынған жағдайда алынбайды:

тойтарылмас күштің, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың;

әскери іс-қимылдардың, төтенше жағдайды енгізудің;

«Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен жарияланған жүктердің, поездар қозғалысының қозғалысын тоқтату немесе шектеу.

Жүк жөнелтушілері немесе жүк алушылары жекелеген азаматтар болып табылатын үй іші заттарын тасымалдау кезінде контейнерлерді кідірткен жағдайда, азаматтардан вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем алынбайды.

8. Вагондар мен контейнерлердің магистральдық, станциялық жолдарда жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иелерінің, вагон (контейнер) иелерінің тұрып (тұрақтап, кідіріліп) қалған уақыты ішінде, сондай-ақ вагондар айналымының технологиялық мерзімі және жүкті түсіру (босату) мерзімдері (технологиялық уақыты) ішінде вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы бір еселенген мөлшерде алынады.

Жүк алушы жүкті уақтылы түсірмеген (босатпаған) кезде «ҚТЖ - Жүк тасымалы» - ЖТ бөлімшесі» жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі филиалының директоры:

кідірілген вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді:

вагондар айналымының технологиялық мерзімінен және жүкті түсіру (босату) мерзімдерінен (технологиялық уақытынан) 24 сағаттан артық 48 сағатқа дейін, қоса алғанда - екі есе;

48 сағаттан артық 96 сағатқа дейін, қоса алғанда - 5 есе;

96 сағаттан артық - 10 есе ұлғайтады.

Вагондар тұрып қалған жағдайда вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемнің ұлғайтылған мөлшері төлемнің ұлғайтылуы туралы хабарландыру станцияда ілінгеннен кейін тәулік өткен соң белгіленеді.

2-бөлім

Тасымалдаумен байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар

1. Жүктерді сақтау үшін алымдар

9. Жүкті сақтағаны үшін алым есептеледі:

тиеу-түсіру орындарында түсірілген жүктер үшін, түсіру сәтінен бастап;

жүк алушының құралдарымен түсіруге жататын станциялық жолдарда орналасқан вагондардағы, контейнерлердегі, тиеу-түсіру орындарындағы жүктер

үшін, сондай-ақ жүк алушыны межелі станцияға жүк келгені туралы хабардар еткен сәттен бастап жиырма төрт сағат өткен соң станциялық жолдарда тұрып қалған өз осьтеріндегі жүктер үшін;

вагондардағы, контейнерлердегі жүктер, өз осьтеріндегі жүктер үшін, жүк алушыны межелі станцияға жүк келгені туралы хабардар еткен сәттен бастап жиырма төрт сағат өткен соң қайта жіберуді күтіп тұрған станциялық жолдарда тұрып қалған жүктер үшін.

Жүкті сақтағаны үшін алым келесі мөлшерлерде алынады:

1) жүктерді (қауіпті жүктерден басқа) сақтағаны үшін:

1 тонна үшін сағатына 3 теңге-жабық қоймаларда;

1 тонна үшін сағатына 2 теңге – ашық алаңдарда;

1 тонна үшін сағатына 3 теңге-мүкәммалдық (жалпы) парктің вагондарында (контейнерлерінде) және станциялық жолдарда тұрып қалған меншікті (жалға алынған) вагондарда (контейнерлерде);

2) қауіпті жүктерді сақтағаны үшін:

1 тонна үшін сағатына 7 теңге-жабық қоймаларда;

1 тонна үшін сағатына 3 теңге – ашық алаңдарда;

1 тонна үшін сағатына 7 теңге – мүкәммалдық (жалпы) парктің вагондарында (контейнерлерінде) және станциялық жолдарда тұрып қалған меншікті (жалға алынған) вагондарда (контейнерлерде).

Жүкті өз осьтерінде сақтағаны үшін (бірліктен), сондай-ақ жануарларды сақтағаны үшін (бір жануар үшін) бір сағатқа 45 теңге мөлшерінде алым алынады.

Бір бос контейнер үшін сақтау үшін алым мөлшерлемесі бір бос вагон үшін сақтау үшін алым мөлшерлемесін сағатына 45 теңге вагонда орналастырылған контейнерлер санына бөлу жолымен есептеледі.

Жүктерді сақтау үшін алымды есептеу алымның сағаттық мөлшерлемесін нақты сақтау уақытына көбейту жолымен жүргізіледі, бұл ретте минуттар 60-қа (жүзден бір бөлігіне дейін дөңгелектей отырып) бөлу жолымен сағатқа ауыстырылады.

Сақтау үшін алымның қорытынды мөлшерін дөңгелектеу (сағатқа көбейтілген) бүтін теңгеге дейін жүргізіледі, бұл ретте 0,50 теңгеден кем сомалар тасталады, ал 0,50 теңге және одан да көп сомалар бүтін теңгеге дейін ұлғайтылады.

Жүк тиеу және түсіру орындарында тұрған жүкті сақтағаны үшін, жүкті кім күзеткеніне қарамастан, алым алынады.

Жүктерді тасымалдау ережелерімен көзделген жағдайларда жүкті басқа ұйымдарға тапсыру кезінде сақтағаны үшін алым станцияларда жүктерді сақтау үшін белгіленген уақыт үшін алынады.

10. Осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 9-тармағында көрсетілген, жүк алушыларды межелі станцияға жүк келгені туралы хабардар еткен сәттен бастап 48 сағаттан артық тоқтап тұрған жүктерді сақтағаны үшін алым алымның ұлғаюы туралы хабарландыру ілінгеннен кейін 10 есеге ұлғаяды.

Сақтау үшін алым ағымдағы ағытып жөндеу жүргізу үшін станциялық, магистральдық жолдарда тұрып қалған, ВУ-23 нысанындағы хабарлама жазылған ақаулы тиелген, бос меншікті вагондарға қолданылмайды.

11. Егер тасымалдаушының станциядағы өкілі жүк алушыға жүктің келгені туралы хабарламаса, онда жүк алушы жүктің келгені туралы хабарламаны жіберген уақытқа дейін оны сақтағаны үшін алым төлеуден босатылады.

2. Жүкті өлшегені үшін алым

12. Тасымалдаушының таразысында жүктер мен ыдысты өлшеген үшін алым мынадай мөлшерде өндіріп алынады:

жүккөтергіштігі қандай болмасын вагон үшін 4 661 теңге - вагон таразыларында өлшеген кезде;

1 т үшін 232 теңге - тауарлық таразыларда өлшеген кезде.

3. Жүктің салмағын тексергені үшін алым

13. Тасымалдаушының станциядағы өкілінің жүк иесінің таразыларында жүктердің және ыдыстың массасын тексергені үшін алым әр операция үшін келесі мөлшерде өндіріп алынады:

жүккөтергіштігі қандай болмасын вагон үшін 3 695 теңге - вагондық және элеваторлық таразыларда өлшеген кезде;

1 т үшін 97 теңге - тауарлық таразыларда өлшеген кезде;

14. Осы Тарифтік басшылықтың (Прейскуранттың) 13 тармағында белгіленген алым:

тексеру кезінде табиғи шығынның нормасынан артық салмақ кем болып шықса, темір жол көлігінің салмағы үшін келген жөнелтілімдер бойынша;

жүк ақаулы вагонда немесе жөнелту пломбалары ақаулы вагондарда келген жағдайда;

жүк пломбалары жоқ жабық вагонда немесе ашық жылжымалы құрамда айқын кемшілік іздерімен келген болса;

тез бүлінетін жүктердің жеткізу мерзімдерін немесе белгіленген изотермиялық жылжымалы құрамға қызмет көрсету тәртібін бұзып келуі жағдайында;

«үй заттары» атауымен жөнелтудің барлық түрлерімен тасымалдауға ресімделетін жүктерді өлшеген жағдайда;

жүк жөнелтуші көрсеткен жүкті өлшеуді бақылаулық тексерген жағдайда өндіріп алынбайды.

15. Ауыстырып тиеу пункттеріндегі теміржол көлігінің вагон таразыларында ақтарма жүктер мен төкпелі жүктерді қайта өлшеген жағдайда қайта өлшеу үшін төлем осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 12 тармағында көрсетілген мөлшерде есептеледі.

4. Қоймалық зиянкестер улаған вагондарды және астық қалқандарын тазарту, жуу, зарарсыздандыру, сондай-ақ бұқырлау үшін алым

16. Меншікті (жалға алынған) вагондар мен қалқандарды жүктерді тиеу алдында және түсіргеннен кейін бұқырлау жүк жөнелтушінің және жүк алушының құралдарымен жүргізіледі.

Вагондар мен қалқандарды бұқырлауды жүк жөнелтушінің және жүк алушының құралдарымен жалпы пайдалану жолдарында жүргізу кезінде, вагондарды жалпы парк локомотивімен әкелу және әкету үшін толық емес жарты сағатты толық деп санап, локомотив жұмысының әр жарты сағаты үшін 9373 теңге мөлшерінде алым өндіріп алынады.

17. Астықты және азық-түлік жүктерін тасымалдау кезінде вагондарды тазартуды, жууды, зарарсыздандыруды, сондай-ақ вагондар мен қалқандарды бұқырлауды тасымалдаушы жүргізген жағдайда, вагондарды және астық қалқандарын тазартуды, жуу, зарарсыздандыру және бұқырлау үшін алымдар ставкалары «ҚТЖ-Жүк тасымалы -ЖТ бөлімшелері» жауапкершілігі шектеулі Серіктестігінің филиалы белгілеген мөлшерде есептеледі.

18. Жүк түсіру станцияларында зарарсыздандыру, бұқырлау, жуу пункттері болмаған және вагондарды зарарсыздандыру, бұқырлау және жуу үшін ең жақын станцияға жіберу қажет болған жағдайда вагондардың бос жүрісі үшін қосымша ақы алынады.

19. Егер тасымалдау шарттары бойынша вагондар мен қалқандарды бұқырлау астық пен азық-түлік жүктерін тиегенге дейін жүргізілсе, жоғарыда көрсетілген алымдар жүк жөнелтушіден өндіріп алынады.

5. Вагондарды әкелгені және әкеткені үшін алым

20. Жүк тиелген және бос вагондарды тармақ иеленушінің кірме жолдарына (жолдарынан), станциялық жолдарға (жолдарынан), магистральдық жолдарға (жолдарынан) тасымалдаушының (оператордың) маневрлік және магистральдық локомотивтеріне әкелгені және әкеткені үшін алым әкелінген және әкетілген вагондардың орташа тәуліктік саны мен вагондарды екі араға әкелген және әкеткен арақашықтыққа байланысты белгіленеді.

Аталған алым:

1) тасымалдаушының (оператордың) маневрлік локомотивімен тармақ иеленушінің кірме жолдарына, станциялық жолдарға вагондарды әкелгені және әкеткені үшін - осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) № 1 кестесіндегі ставкалар бойынша;

2) тасымалдаушының (оператордың) магистральдық локомотивімен тармақ иеленушінің кірме жолдарына, станциялық жолдарға вагондарды әкелгені және әкеткені үшін - осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) № 2 кестесіндегі ставкалар бойынша өндіріп алынады.

3) вагондарды магистральдық локомотивпен әкелгені және әкеткені үшін бойынша қызметтер көрсету вагондарды әкелгені және әкеткені үшін шартында ескертіледі немесе тармақ иеленушінің, жүк алушының, жүк жөнелтушінің жеке талабы бойынша жүргізіледі.

21. Вагондарды әкелу және әкету жалпы парктің екі локомотивімен ұйымдастырылған жағдайда жалпы пайдаланымдағы кірме жолдарға және клиенттің кірме жолдарына вагондарды әкелу және әкету үшін алымдар, сондай-ақ вагондарды станциялық, магистральдық жолдарға әкелу және әкету үшін алымдар № 1 кестенің

және № 2 кестенің ставкалары бойынша 2 есе ұлғайтылып есептеледі.

22. Вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы, әкелінетін және әкетілетін вагондардың орташа тәуліктік саны кірме жолды пайдалану шартында және вагондарды әкелу және әкету шартында көрсетіледі.

23. Вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы жолаушылар ғимаратының (вокзалының) осінен кірме жолдың схемасы немесе паспортындағы деректер, станцияның техникалық-басқару актісі (ТБА) бойынша, станцияның схемасы бойынша немесе нақты өлшеумен белгіленеді.

Кірме жолда, әр түрлі кірме жолдарда орналасқан, вагондарды әкелу және әкету пункттерінің бірнешеуі болған жағдайда, вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы әр пункт бойынша вагондардың арақашықтығы мен санына байланысты орташа өлшенген болып белгіленеді.

Жолаушылар ғимараты (вокзал) болмаған жағдайда вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы станция бойынша кезекші жайының осінен бастап белгіленеді.

Мысалы, егер жолаушылар ғимаратының (вокзалының) осінен А пунктіне дейінгі екі араға арақашықтық 10 км-ге тең, Б-пунктіне дейін - 5 км, В-пунктіне дейін - 13 км, осы пункттерге әкелінген және әкетілген вагондардың орташа тәуліктік саны тиісінше 10, 15, 25 вагонға тең болса, онда вагондарды әкелу және әкетудің орташа өлшенген арақашықтығы вагон-километрлер сомасын осы пункттерге әкелінген және әкетілген вагондардың орташа тәуліктік сомасына бөлу жолымен анықталады, және мынаны құрайды:

$$\frac{10 \text{ км} \cdot 10 \text{ вагон} + 5 \text{ км} \cdot 15 \text{ вагон} + 13 \text{ км} \cdot 25 \text{ вагон}}{10 + 15 + 25} = \frac{500}{50} = 10 \text{ км}$$

Егер кірме жолдағы тиеу (түсіру) шептеріне (орындарына) дейінгі арақашықтық № 1 және 2 кестелерде көрсетілген шектерде болса, онда олардың топтасуы мүмкін. Мысалы, А пункті үшін вагондарды әкелу немесе әкету арақашықтығы - 980 м, ал екі араға - 1 960 м; Б пункті үшін - тиісінше 1 100 және 2 200 м; В-пункті үшін - 1 250 және 2 500 м; Г пункті үшін - 1 370 және 2 740 м.

Бұл жағдайда шартта екі арақашықтық жазылады:

А-пункті үшін - арақашықтық 1-ден артық 2 км-ге дейін;

Б, В, Г-пункттері үшін - арақашықтық 2-ден артық 3 км-ге дейін;

24. Бір кірме жолдан екінші кірме жолға станциялық жолдар арқылы вагондарды әкелген және әкеткен кезде станциялық жолдардың арақашықтығы бір кірме жолдың станциялық жолдарға жанасу бағыттамасынан бастап басқа кірме жолдың станциялық жолдарға жанасу бағыттамасына дейін белгіленеді.

25. Станциялық, магистральдық жолдан кірме жолға вагондарды әкелген және әкеткен жағдайда, алымдар ставкасының мөлшері екі араға вагондарды әкелген және әкеткен жалпы арақашықтық үшін № 1 және 2 кестелердің бағандары бойынша алымдар ставкаларының арасындағы орташа өлшенген шама ретінде белгіленеді.

1 мысал:

- 1) Әкелу және әкету ҚТЖ-ЖТ маневрлік локомотивімен жүргізіледі;
- 2) Шарт бойынша екі жаққа вагондарды беру-жинаудың жалпы қашықтығы **9,456 км** құрайды.

3) локомотивтің бір шығуы үшін 7 вагон беріліп, 4 вагон алынып тасталды. әкелу және әкету үшін алымды есептеу:

№1 кесте бойынша тасымалдаушының маневрлік локомотивімен **9,456 км** жалпы әкелу және әкету қашықтығына 11 вагонды әкелу және әкету үшін алым мөлшерлемесін анықтаймыз.

Алым мөлшерлемесі **48 556** теңгені құрайды.

2 мысал:

- 1) Әкелу және әкету ҚТЖ-ЖТ маневрлік локомотивімен жүргізіледі;
- 2) Шарт бойынша екі жаққа вагондарды әкелу және әкетудің жалпы қашықтығы **18 км** құрайды.
- 3) локомотивтің бір шығуы үшін 37 вагон беріліп, 0 вагон алынып тасталды.
Әкелу және әкету үшін алымды есептеу

№1 кесте бойынша тасымалдаушының маневрлік локомотивімен **18 км** жалпы әкелу және әкету қашықтығына 37 вагонды әкелу және әкету үшін алым мөлшерлемесін анықтаймыз.

10 км үшін алым ставкасы = 63 980 теңге;

толық емес 5 км есептегенде әрбір 5 км үшін алым ставкасы 10 км-ден жоғары
 $23\ 648 * 2 = 47\ 296$ теңгеге тең;

Барлығы 18 км беру - жинау қашықтығына 37 вагонды беру-жинау үшін алым ставкасы **63 980 + 47 296 = 111 276** теңге

Сол сияқты №2 кестенің ставкалары бойынша ҚТЖ-ЖТ магистральдық локомотивімен кірме жолдағы станциялық магистральдық жолдан әкелу және әкету үшін алымды есептеу жүргізіледі.

26. Вагондарды тасымалдаушының (оператордың) локомотивімен әкелу үшін алым шарт немесе уақытша келісім жасалған әр клиенттен, олардың әрқайсысына жеке немесе бір уақытта бірнеше клиентке вагондарды әкелу және әкету жүргізілуіне қатыссыз жеке өндіріп алынады.

27. Қабылдау-тапсыру (көрме) жолдарына/жолдарынан вагондарды әкелу және әкету қашықтығы, осы жолдардың ұзындығын қоса алғанда, жолаушылар ғимаратының (вокзалдың) осінен бастап екі араға белгіленеді.

28. Тиелген және бос вагондарды аралықтарға, сондай-ақ коммерциялық операциялар жүргізбейтін бөлу пункттеріне (разъездерге, блок-қосындарға, озба пункттеріне) вагондарды әкелу және әкету үшін № 1,2 кестеде келтірілген ставкалар бойынша, локомотив түріне байланысты (маневрлік немесе магистральдық) алым өндіріп алынады.

Аралыққа вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы жолаушылар ғимаратының (вокзалдың) осінен тиеу мен түсіру орнынан кейін орналасқан бөлу пунктіне дейін, екі араға белгіленеді.

Коммерциялық операциялар жүргізу үшін ашылмаған бөлу пункттеріне вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы жолаушылар ғимаратының (вокзалдан) станциядан осы бөлектенген пункттегі тиеу немесе түсіру орындарына дейін немесе немесе кірме жолдарға дейін, екі араға белгіленеді.

Аралықтарға вагондарды әкелу және әкету үшін алым тәулігіне әкелінген және әкетілген вагондардың нақты саны үшін өндіріп алынады.

Тиеу немесе түсіру жөніндегі операцияның аяқталуын күтіп локомотив бос тұрып қалған жағдайда, вагондарды әкелу және әкету үшін ставкалардан басқа, локомотивті кідірткені үшін толық емес жарты сағатты толық деп санап, бос тұрып калудың әр жарты сағаты үшін 11046 теңге мөлшерінде төлем өндіріп алынады.

29. Тиелген және бос вагондарды өзінің бойында коммерциялық операциялар жүргізу үшін ашық станциялары болмайтын магистральдық (станциялық) жолдарда тиелген және бос вагондарды бергені және жинағаны үшін локомотивтің түріне (маневрлік немесе магистральдық) байланысты 1, 2-кестенің ставкалары бойынша алым алынады.

Вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы жолаушылар ғимаратының (вокзалдың) осінен бастап осы жолдардағы (тармақтардағы) тиеу және түсіру орындарына дейін белгіленеді. Вагондарды әкелу және әкету үшін алым тәулігіне екі араға әкелінген және әкетілген вагондардың нақты саны үшін өндіріп алынады.

30. Вагондарды әкелу және әкету процесінде орындалатын маневрлік жұмысқа тиеу және түсіру шептері бойымен берілетін вагондарды орналастыру, тиеу мен түсіру шептерінен вагондарды әкету, шептер және жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, тармақ иеленушілер бойынша іріктеусіз кірме жолдарға берердің алдында станциялық жолдарда вагондар тобын құрастыру жатады.

Вагондарды кірме жолдарға әкелу және әкету процесінде тасымалдаушының (оператордың) локомотиві орындайтын маневрлік жұмыс үшін жеке төлем өндіріп алынбайды.

31. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің жеке талабы бойынша орындалатын вагондарды әкелу және әкетумен бір уақытқа қатар келмейтін маневрлік жұмысқа осы Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) (3 бөлік) 30 - тармағында көрсетілгендерден басқа маневрлік жұмыстардың барлық түрлері жатады.

Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің жеке талабы бойынша орындалатын вагондарды әкелу және әкетумен бір уақытқа қатар келмейтін, қабылдап-тапсырушының жадынамасымен немесе вагондарды әкелу және әкету тізімдемесімен ресімделген (маневрлік жұмыстың басталу және аяқталу уақыты көрсетілген) маневрлік жұмыс үшін локомотивтің маневрлік жұмысының әр жарты сағаты үшін, толық емес жарты сағатты толық деп санап, 11046 теңге мөлшерінде төлем өндіріп алынады.

32. Вагондарды кірме жолдардан әкеткен және тасымалдаушының (оператордың) локомотивін люктерді жабу үшін тоқтатқан кезде локомотивтің маневрлік жұмысының әр жарты сағаты үшін 11 046 теңге , толық емес жарты сағатты толық деп санап, алым өндіріп алынады

33. Тасымалдаушының (оператордың) локомотивінің жүрісі үшін, жүк жөнелтушінің (жүк алушының) өтінімі бойынша оны басқа станциядан талап еткен кезде екі араға тарифтік арақашықтықтың әр километрі үшін 851 теңге мөлшерде алым өндіріп алынады.

6. Жүктердің, вагондар мен контейнерлердің тағайындалу станциясына келе жатқаны туралы алдын ала ақпарат беру үшін алымдар

34. Тасымалдаушы мен жүк алушының (жүк жөнелтушінің) арасында жүктердің, вагондардың және контейнерлердің келе жатқаны туралы ақпарат беруге арналған шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде алдын ала осындай ақпарат бергені үшін алымдар келесі мөлшерде өндіріп алынады:

- 1) стационарлық телефон бойынша-әрбір хабарлама үшін 490 теңге;
- 2) ұялы байланыс бойынша-1 хабарлама үшін 482 теңге;
- 3) SMS, WhatsApp-1 хабарлама үшін 326 теңге;
- 4) басқа тәсілмен-1 хабарлама үшін 1 017 теңге.

35. Жүк алушыларды олардың атына тағайындалу станциясына келген жүктер туралы хабардар еткені үшін тасымалдаушы мен жүк алушының арасындағы шартқа сәйкес келесі мөлшерде алымдар өндіріп алынады (жөнелтулер санына қарамастан):

- 1) стационарлық телефон бойынша-әрбір хабарлама үшін 490 теңге;
- 2) ұялы байланыс бойынша-1 хабарлама үшін 482 теңге;
- 3) SMS, WhatsApp-1 хабарлама үшін 326 теңге;
- 4) басқа тәсілмен-1 хабарлама үшін 1 017 теңге.

36. Жүктердің, вагондар мен контейнерлердің келе жатқаны және келгені туралы ақпарат беруге арналған шарттарда осы тарауда белгіленген алымдар ставкаларына, сондай-ақ осы кезеңде берілетін ақпараттың кезеңділігі мен санына негізделіп анықталған айына, тоқсанына немесе жылына ақпарат беру үшін алымдардың жалпы сомасы көрсетілуі мүмкін.

37. Тасымалдаушының станциядағы өкілінің жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға алда тұрған тиеуге және түсіруге вагондар беру туралы ақпаратты беруі осы тараумен көзделген алымдарды өндіріп алусыз жүргізіледі.

7. Жүктерді тасымалдауды ресімдеу жөніндегі қызметтер және жүктерді тасымалдаумен байланысты басқа қызметтер үшін алымдар

38. Станциядағы тасымалдаушының өкілі жүктерді тасымалдауды ресімдеу жөніндегі қызметтер және жүк алушының, жүк жөнелтушінің жеке өтінімі бойынша жүктерді тасымалдаумен байланысты басқа қызметтерді орындағаны үшін мөлшері № 3 кестеде көрсетілген алымды өндіріп алады.

39. Басқа ұйымдарға кірме жолдардың жанасу құрылғыларының және бөлінген алқапта жүктерді қоймалау үшін уақытша пайдалануға беру кезінде, тасымалдаушының жер телімдерін күтіп ұстау жөніндегі шығыстарының орнын толтыру мақсатында, жылына 100 шаршы метр үшін 6395 теңге мөлшерінде (жерге салықсыз) төлем өндіріп алынады.

40. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС - «ЖТ Ақмола бөлімшесі» филиалының Сороковая станциясы бойынша қайта тиеу орындарын уақытша пайдалануға бергені үшін 1 вагон үшін 35 537 теңге мөлшерінде алым алынады.

8. Жүктердің баратын мекенжайын өзгерткені үшін алым

41. Жүк алушының тасымалдау құжаттарын және/немесе тасымалдауға қабылданған жүктің тағайындалу станциясын өзгерткені (баратын мекенжайын өзгерткені) үшін келесі алым өндіріп алынады:

брутто салмағы 3 және 5 т контейнерлерде - 4 586 теңге;

брутто салмағы 20 фут болатын контейнерлерде бруттоның максималды (трафареттік) салмағы 20 т-5 427 теңге;

брутто салмағы 20 фут болатын контейнерлерде бруттоның максималды (трафареттік) салмағы 20 т-5 427 теңге;

брутто салмағы 20 фут болатын контейнерлерде бруттоның максималды (трафареттік) салмағы 30 т және одан жоғары – 8 851 теңге;

ұзындығы 40 фут-8 851 теңге;

рефрижераторлық секцияларда (секциядағы вагондар санына қарамастан) - секция үшін 7 687 теңге;

қалған вагондарда - 6 289 теңге.

Вагондарды, контейнерлерді қайта жіберу үшін көрсетілген алымдар вагонның (тиелген немесе бос) жай-күйіне және вагонның, контейнердің (мүкәммалдық немесе меншікті) керек-жарағына қарамастан алынады.

Маршруттық жөнелтілімдермен жүктерді тасымалдау кезінде жүктерді қайта жіберу үшін алым бірлік үшін алынады: вагон, контейнер немесе тоңазытқыш секциясы.

9. Жүк жөнелтушілердің өтінімі бойынша тасымалдаудың айлық жоспарына кірмеген жедел және басқа тасымалдарды жылжымалы құраммен қамтамасыз ету үшін алым

42. Жүк жөнелтушілердің өтінімі бойынша тасымалдаудың айлық жоспарына кірмеген жедел және басқа тасымалдарды жылжымалы құраммен қамтамасыз ету үшін алым өндіріп алынады:

брутто массасы 30 және 40 т вагон мен контейнер үшін - 4361 теңге;

брутто массасы 20 және 24 т контейнер үшін -3799 теңге;

брутто массасы 3, 5 және 10 т контейнер үшін - 3459 теңге.

Жүктерді меншікті (жалға алынған) вагондар мен контейнерлерде тасымалдағаны үшін жүк жөнелтушілердің өтінімі бойынша тасымалдаудың айлық жоспарына кірмеген жедел және басқа тасымалдарды жылжымалы құраммен қамтамасыз ету үшін алым өндіріп алынбайды.

10. Күзет қызметін кідірткені үшін алым

43. Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) кінәсінен уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген қарауылдың алып жүруіне жататын жүктер тізіміне енгізілген жүктері бар вагондар магистральдық немесе станциялық жолдарда бос тұрған кезде, күзет қызметінің кешігуі үшін толық сағатты толық деп есептеп, бір вагон үшін сағатына 848 теңге мөлшерінде төлем алынады.

11. Жүктерді тасымалдаудың қосымша жоспарын растағаны үшін алым

44. Жүктерді тасымалдаудың қосымша жоспарын растағаны үшін вагондардың (контейнерлердің) тиістілігіне қарамастан, 1 өтінім үшін 7 286 теңге мөлшерінде алым алынады.

12. Паром өткелдеріне және паром өткелдерінен вагондарды итеріп шығару, түсіру үшін алым

45. Құрық портының паромында вагондарды илемдеу, вагондарды домалату бойынша қызметтер көрсеткені үшін алым алынады (вагонның тиістілігіне қарамастан):

- 1 вагон үшін 26 894 теңге мөлшерінде вагондарды паромға итерені үшін;
- 1 вагон үшін 26 894 теңге мөлшерінде вагондарды паромнан түсіргені үшін.

13. Мәлімделген маршруттар технологиясын әзірлегені үшін алымдар

46. Мәлімделген маршруттар технологиясын әзірлеу бойынша қызметтер көрсеткені үшін мынадай мөлшерде алым алынады:

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «ЖТ бөлімшелерінің» 3 филиалына дейін (қоса алғанда) жүретін маршрут кезінде поездар қозғалысының кестесін әзірлегені үшін-бір маршрут үшін 132 294 теңге.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «ЖТ бөлімшелерінің 3 – тен астам филиалын алып жатқан жүру бағыты кезінде поездар қозғалысының кестесін әзірлегені үшін бір маршрут үшін 224 739 теңге;

контейнерлік поездармен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде мәлімделген маршруттар технологиясын әзірлегені үшін – 1 вагон үшін 21 512 теңге.

Қызмет клиент берген өтінім негізінде көрсетіледі.

14. Осы Тарифтік басшылықта (прейскурантта) көзделмеген тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар (3-бөлім)

47. Осы Тарифтік басшылықта (прейскурантта) көзделмеген жүктерді тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдар (3-бөлім) ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға арналған темір жолдарының тарифтік саясатына сәйкес белгіленеді.

15. Арнайы техникалық мұқтаждар үшін бөлінген вагондарда (ДУ-82 нысанындағы куәліктер берілген), сондай-ақ ОЖЖ филиалының балансындағы және арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның жүрісіндегі жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер үшін алымдарды қолдану тәртібі.

48. ОЖЖ балансындағы вагондар, АТҚ үшін бөлінген вагондар (ДУ - 82 нысанындағы куәліктер берілген), «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының балансындағы және/немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары үшінші тарап және аффилиирленген ұйымдармен шарттар бойынша жалға алатын арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрам болған уақыт ішінде. магистральдық теміржол желісі объектілеріне қызмет көрсету, ұстау және жөндеу жұмыстарын орындау үшін аралықта тасымалдауға байланысты қосымша операциялар үшін алымдар есептелмейді.

49. Басқа жағдайларда (аралықтан басқа), «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының балансында тұрған және/немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары жалға алатын арнайы өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін жылжымалы құрамның, АТҚ үшін бөлінген вагондардың (оларға ДУ - 82 нысанындағы куәліктер берілген) магистральдық, станциялық жолдарында бос тұрған кезде бөгде және үлестес ұйымдармен жасалған шарттар бойынша мүкәммалдық (жалпы) парктің вагондарын пайдаланғаны үшін төлем, жеке (жалға алынған) вагондардың магистральдық, станциялық жолдарындағы жай үшін төлем, өз осьтерінде жүкті сақтағаны үшін алым есептелмейді.

50. АТҚ үшін бөлінген вагондардың, сондай-ақ жүк алушының қаражатымен түсіруге жататын, толық тасымалдау құжаттары бойынша келген ОЖС балансындағы вагондардың станциялық жолдарында тоқтап тұрған кезде Тарифтік басшылықтың (прейскуранттың) 3-бөлік 2-бөлімінің 1-тарауына сәйкес жүкті сақтағаны үшін алым есептеледі.

51. АТҚ үшін бөлінген вагондарда, оның ішінде ОЖЖ теңгеріміндегі вагондарда су тасымалдау кезінде станцияның жолында суды ағызу, құю үшін вагондарды бергені және жинағаны үшін алым вагондардың тиесілілігіне қарамастан есептелмейді.

16. Клиентпен шарт бойынша жүктерді кедендік декларациялау. Халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік декларациялау

52. Клиентпен шарт бойынша жүктерді кедендік декларациялау үшін 1 декларация үшін 6 250 теңге мөлшерінде алым алынады.

53. Халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын кедендік декларациялау үшін алым халықаралық тасымалдаудың әрбір декларацияланатын көлік құралы бойынша көлік құралына ресімделген кедендік декларацияға сәйкес 922 теңге мөлшерінде алынады.

17. Клиентпен жасалған шарт бойынша өткізу пункттерінде тасымалдау және жөнелтпе құжаттарының сканерленген көшірмелерінің топтамасын бергені үшін ақпараттық қызмет үшін алым.

54. Клиентпен жасалған шарт бойынша өткізу пункттерінде тасымалдау және жөнелту құжаттарының сканерленген көшірмелерінің топтамасын ұсыну бойынша ақпараттық қызмет көрсету үшін 1 жөнелтілім үшін 692 теңге алым алынады.

Тасымалдаушының (оператордың) маневрлік локомотивімен вагондарды әкелгені және әкеткені үшін алым ставкалары, теңгемен

Әкелінген және әкетілген вагондардың нақты саны	Вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы, км екі араға											
	0,5-ке дейін	0,5-тен артық 1-ге дейін	1-ден артық 2-ге дейін	2-ден артық 3-ке дейін	3-тен артық 4-ке дейін	4-тен артық 5-ке дейін	5-тен артық 6-ға дейін	6-дан артық 7-ге дейін	7-ден артық 8-ге дейін	8-ден артық 9-ға дейін	9-дан артық 10-ға дейін	әрбір 5 үшін 10-нан жоғары
0,5 вагонға дейін қоса алғанда	8 766	9 368	10 652	12 368	14 082	15 797	17 511	19 227	20 940	22 654	24 369	8 572
5,0-ден артық 10-ға дейін	10 296	11 246	13 286	16 006	18 725	21 446	24 164	26 884	29 603	32 324	35 044	13 599
10-нан артық 25-ке дейін	14 660	15 965	18 758	22 482	26 207	29 932	33 656	37 381	41 105	44 830	48 556	18 624
25-тен артық 50-ге дейін	20 940	22 595	26 142	30 872	35 602	40 332	45 062	49 791	54 521	59 250	63 980	23 648
50 артық	33 324	35 353	39 699	45 492	51 286	57 080	62 874	68 668	74 462	80 256	86 051	28 970

Таблица 2

2 кесте

Магистральдық жолдарда вагондарды тасымалдаушының (оператордың) локомотивімен әкелгені және әкеткені үшін алым ставкалары, теңгемен

Әкелінген және әкетілген вагондардың нақты саны	Вагондарды әкелу және әкету арақашықтығы, км екі араға											
	0,5-ке дейін	0,5-тен артық 1-ге дейін	1-ден артық 2-ге дейін	2-ден артық 3-ке дейін	3-тен артық 4-ке дейін	4-тен артық 5-ке дейін	5-тен артық 6-ға дейін	6-дан артық 7-ге дейін	7-ден артық 8-ге дейін	8-ден артық 9-ға дейін	9-дан артық 10-ға дейін	әрбір 5 үшін 10-нан жоғары
0,5 вагонға дейін қоса алғанда	17 672	19 020	21 907	25 756	29 603	33 452	37 301	41 149	44 999	48 848	52 697	19 243
5,0-ден артық 10-ға дейін	21 103	23 239	27 818	33 922	40 028	46 133	52 238	58 341	64 446	70 552	76 657	30 525
10-нан артық 25-ке дейін	30 901	33 829	40 098	48 461	56 822	65 182	73 543	81 905	90 265	98 627	106 987	41 805
25-тен артық 50-ге дейін	44 998	48 714	56 677	67 295	77 911	88 528	99 146	109 762	120 380	130 997	141 614	53 085
50 астам	72 800	77 353	87 107	100 113	113 119	126 125	139 131	152 137	165 144	178 149	191 156	65 030

Р.б.№	Операциялардың атауы	Алым мөлшері (теңге)
1	2	3
1	Тасымалдау құжатын толтыру	құжаттың әрбір парағы үшін 186 теңге
2	Жүк тасымалдары бойынша жазбаша түрде анықтамалар беру	әр жөнелтуден 1123 теңге
3	Жүк жөнелтушінің талабы бойынша жүктерді тасымалдау жоспарын орындау жөніндегі есептік карточкалардың екінші даналарын толтыру	әр карточкадан есептік тәулік үшін 492 теңге,
4	Жүкті іздестру: жеткізу мерзімі аяқталғанға дейін Қуынымдарды ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін	әр жөнелтуден 10812 теңге әр жөнелтуден 20530 теңге

№ 3 кесте

Р.б.№	Операциялардың атауы	Алым мөлшері (теңге)
1	2	3
1	Тасымалдау құжатын толтыру	құжаттың әрбір парағы үшін 186 теңге
2	Жүк тасымалдары бойынша жазбаша түрде анықтамалар беру	әр жөнелтуден 1123 теңге
3	Жүк жөнелтушінің талабы бойынша жүктерді тасымалдау жоспарын орындау жөніндегі есептік карточкалардың екінші даналарын толтыру	әр карточкадан есептік тәулік үшін 492 теңге,
4	Жүкті іздестру: жеткізу мерзімі аяқталғанға дейін Қуынымдарды ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін	әр жөнелтуден 10812 теңге әр жөнелтуден 20530 теңге
